**Астана қаласында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезін дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 342 өкімі

2015 жылғы 10-11 маусымда Астана қаласында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезін дайындау және өткізу жөніндегі Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіру мақсатында:

1. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезін дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Мемлекеттік комиссия) мынадай құрамда құрылсын:

| | |
|---|---|
| Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Мемлекеттік комиссияның төрағасы |
| Майлыбаев Бағлан Асаубайұлы | - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Мемлекеттік комиссия төрағасының орынбасары |
| Ыдырысов Ерлан Әбілфайызұлы | - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Мемлекеттік комиссия төрағасының орынбасары |
| Судьин Александр Сергеевич | - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының Басшысы, Мемлекеттік комиссияның хатшысы |

**Мемлекеттік комиссия мүшелері:**

| | |
|---|---|
| Абаев Дәурен Әскербекұлы | - Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі - Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы |
| Ашықбаев Ержан Нығматоллаұлы | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары |
| Әбіқаев Нұртай Әбіқайұлы | - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы |
| Балаева Аида Ғалымқызы | - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі |
| Бисембаев Абай Айдарханұлы | - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы |

Дүйсенова Тамара Босымбекқызы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі

Есімов Ахметжан Смағұлұлы - Алматы қаласының әкімі

Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы - Астана қаласының әкімі

Исекешев Әсет Өрентайұлы - Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі

Күреңбеков Амантай Жәнкеұлы - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы

Қасымов Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Мұхамедиұлы Арыстанбек - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі

Райханов Қайдар Қопабайұлы - Қазақстан Республикасы Парламенті Шаруашылық басқармасының басшысы

Сәрінжіпов Аслан Бәкенұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Сұлтанов Бахыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Тауфиков Румиль Тауфикұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Протоколының бастығы

Тоғжанов Ералы Лұқпанұлы - Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Ассамблея хатшылығының меңгерушісі

Ілиясов Мағжан Жанботаұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Сыртқы саясат орталығының меңгерушісі

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Мемлекеттік комиссияның жұмысына қажетті жәрдем көрсетсін;

2) Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезін уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК